

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне Қарулы Күштерді реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2002 жылғы 29 қаңтар N 287-II

Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" 1993 жылғы 19 қаңтардағы Z939000_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 2, 28-құжат; 1995 ж., N 8, 56-құжат; N 22, 135-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 184-құжат; 2001 ж., N 8, 56-құжат; N 13-14, 173-құжат; N 17-18, 245-құжат):

1) 1-бапта:

2-тармақта:

"Шекара және" деген сөздер алып тасталсын, "Ішкі әскерлерін" деген сөздер "Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлерін" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Азаматтық қорғаныстың" деген сөздерден кейін ", Қазақстан

Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы Заңның орындалуы Қазақстан Республикасының азаматтарына, мемлекеттік органдарға, меншік нысанына қарамастан білім беру ұйымдары мен өзге де ұйымдарға жүктеледі.";

екінші бөлік алып тасталсын;

үшінші бөлік "Қазақстан Республикасының" деген сөздің алдынан

"Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 3-баптың екінші бөлігі алып тасталсын;

3) 5-баптың 1-тармағының үшінші бөлігі:

3-сыныпты сержант 3-сыныпты старшина

2-сыныпты сержант 2-сыныпты старшина

1-сыныпты сержант 1-сыныпты старшина

штаб сержанты ӘТК-нің штаб

старшинасы

шебер-сержант" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 6-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жоғары офицерлер құрамы атқаруға жататын лауазымдар тізбесін - Қазақстан Республикасының Президенті, ал басқа әскери қызметшілер лауазымдарының тізбесін - Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі, Ішкі істер министрі, Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің төрағасы, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы, Қазақстан Республикасы Президенті Күзет қызметінің бастығы, Республикалық ұланының қолбасшысы, Бас прокуроры, басқа әскерлері мен әскери құралымдарының бірінші басшылары бекітеді.";

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Басқа да әскери лауазымдарға тағайындау тәртібін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі, Ішкі істер министрі, Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің төрағасы, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы, Қазақстан Республикасы Президенті Күзет қызметінің бастығы, Республикалық ұланының қолбасшысы, Бас прокуроры, басқа әскерлері мен әскери құралымдарының бірінші басшылары белгілейді.";

4-тармақта:

бірінші бөліктегі "мемлекеттік өкімет органдарына, министрліктер мен ведомстволарға" деген сөздер "мемлекеттік органдарға" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "жергілікті өкілді органдары комиссияларының босатылған төрағалары" деген сөздер "мәслихаттардың босатылған негізде жұмыс істейтін депутаттары" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөліктегі "өкілді және атқарушы органдарға, сондай-ақ министрліктер мен ведомстволарға" деген сөздер "мемлекеттік органдарға" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 7-баптың 2-тармағындағы "ведомстволарға, қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктерге" деген сөздер "мемлекеттік органдарға және меншік нысанына қарамастан ұйымдарға" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 8-баптың 2-тармағында:

бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Шақыруға дейінгілер мен шақырылушыларды әскери қызметке даярлауды Қазақстан Республикасы Үкіметінің басшылығымен өздерінің құзыреті шегінде мемлекеттік органдар ұйымдастырады және меншік нысанына қарамастан білім беру ұйымдары мен өзге де ұйымдарда жүзеге асырылады.";

үшінші бөліктегі "Жергілікті өкілді және атқару органдары, министрліктер,

мемлекеттік комитеттер, ведомстволар, басқару органдары" деген сөздер "Мемлекеттік органдар өздерінің құзыреті шегінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 9-баптың 2-тармағының үшінші бөлігіндегі "министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың" деген сөздер "мемлекеттік органдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 12-бапта:

3-тармақта:

бірінші бөліктегі "тұрғын үй-пайдалану ұйымдары, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар, үй иелері" деген сөздер "ұйымдар" деген сөздермен ауыстырылсын, "бағыныстылығы мен" деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктегі "органдардың" деген сөзден кейін "және ұйымдардың" деген сөздермен толықтырылсын, "қолданылып жүрген заңдарына" деген сөздер "заң актілеріне" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтағы "тіркелген" деген сөз "тіркеу кезінде" деген сөздермен ауыстырылып, "шақырушылар" деген сөзден кейін "немесе әскери міндеттілер" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. I және II топтағы мүгедектер болып табылатын азаматтарға шақыру учаскелеріне тіркеуден өткен кезде белгіленген тәртіппен комиссия шешімінің негізінде "әскери міндетті емес" деген белгі соғылған куәлік беріледі.";

9) 13-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Меншік нысанына қарамастан білім беру ұйымдары мен өзге де ұйымдардың басшылары шақырылушыларды іссапардан (демалыстан) шақырып алуға, оларды хабардар етуді ұйымдастыруға және шақыру учаскесіне уақтылы келуін қамтамасыз етуге міндетті.";

10) 14-баптың 2-тармағындағы "Алматы қаласында", "(Алматы қаласында - қалалық)" деген сөздер тиісінше "Астана және Алматы қалаларында", "(Астана және Алматы қалаларында - қалалық)" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 15-баптың 2-тармағында:

а) тармақшасының бесінші, алтыншы және жетінші абзацтарындағы "екі" деген сөз "бір" деген сөзбен ауыстырылсын;

б) тармақшасының үшінші абзацындағы "екі" деген сөз "бір" деген сөзбен ауыстырылсын;

12) 16-бапта:

1-тармақтың бірінші бөлігіндегі в) тармақшасының бірінші абзацындағы ", отбасының жалғыз баласы болып табылатын" деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Ауырлығы орташа, ауыр және аса ауыр қылмыс жасағаны үшін өтелмеген және заңмен белгіленген тәртіпте алып тасталмаған соттылығы бар, сондай-ақ екі және одан

да көп соттылығы бар шақырылушылар бейбіт кезде мерзімді әскери қызметке шақыруға жатпайды.";

13) 19-баптың бірінші бөлігінде:

а) тармақшасында:

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"- Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі теңіз бөлімдерінің корабльдері мен кемелерінің матростары мен старшиналарына - 2 жыл 6 ай;"

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"- Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі әскери-техникалық мектептерінің түлектеріне - 1 жыл 6 ай.";

14) 22-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"- запастан әскери қызметке 3 жыл мерзімге шақырылған офицерлерді - белгіленген мерзімді атқарып біткен соң.";

2-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"- рақымшылық актісі негізінде.";

15) 25-баптың 7-тармағындағы "министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың" деген сөздер "мемлекеттік органдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 26-баптың бірінші бөлігінің б) тармақшасында:

"Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитеті," деген сөздер алып тасталсын, "Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті," деген сөздер "Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі," деген сөздермен ауыстырылып, "Ішкі әскерлері" деген сөздер "Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлері" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ұланы" деген сөзден кейін ", Президенттің Күзет қызметі" деген сөздермен толықтырылсын;

17) 28-бапта:

баптың тақырыбындағы "кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың" деген сөздер "меншік нысанына қарамастан ұйымдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтағы "кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың және білім беру мекемелерінің басшылары бағыныстылығы мен меншік түріне қарамастан" деген сөздер "меншік түріне қарамастан білім беру ұйымдары мен өзге де ұйымдардың

басшылары" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтағы "жүзеге асыратын ұйымдардың, кәсіпорындар мен мекемелердің" деген сөздер "меншік нысанына қарамастан ұйымдардың" деген сөздермен ауыстырылсын, ", сондай-ақ үй иелері" деген сөздер алып тасталсын;

7-тармақтағы "отбасы жағдайы" деген сөздердің алдынан "аты-жөні," деген сөздермен толықтырылсын;

18) 32-баптың 2-тармағындағы "Мемлекеттік өкімет органдары, министрліктер мен ведомстволар, бағыныстылығы мен меншік түріне қарамастан кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер" деген сөздер "Мемлекеттік органдар, меншік нысанына қарамастан ұйымдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 33-баптың 5-тармағындағы "кәсіпорындар мен ұйымдардың, мекемелердің, оқу орындары мен меншік нысанына қарамастан басқа да шаруашылық жүргізуші субъектілердің" деген сөздер "меншік нысанына қарамастан білім беру ұйымдары мен өзге де ұйымдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 35-бапта:

1-тармақта "қорғауға," деп жазылып, "міндетті және", "бөледі," деген сөздер алып тасталсын, "орындар," деген сөзден кейін "хабар беру мен шақырылушыларды іздестіру топтарын бөлуге және облыстарда тұрақты жұмыс істейтін медициналық комиссиялар құруға міндетті." деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақтағы "бағыныстылығы мен меншік түріне қарамастан ведомстволар, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар, оқу орындары" деген сөздер "меншік нысанына қарамастан білім беру ұйымдары мен өзге де ұйымдар" деген сөздермен ауыстырылсын ;

4-тармақтағы "Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитетінің," деген сөздер алып тасталсын, "Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетінің" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің" деген сөздермен, "басқа да әскери құралымдарының" деген сөздер "басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. "Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" 1993 жылғы 9 сәуірдегі Z931500_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 8, 202-құжат; 1995 ж., N 8, 56-құжат; N 20, 120-құжат; N 22, 136-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 8, 233-құжат):

1) 4-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"4-бап. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің мақсаты мен құрамы
Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің мақсаты:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасына қол сұғылмауын, оның аумақтық тұтастығы мен егемендігін қорғау;

агрессордың шабуылын тойтару және оны жеңіліске ұшырату;
мемлекеттік және әскери объектілерді күзету мен қорғау;
Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес шет
мемлекеттердің қарулы күштерімен бірлескен қорғаныс жөніндегі міндеттерді орындау

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін басқа жағдайларда қолдану
Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері мыналарды қамтиды: Қарулы
Күштердің әскери басқару органдары (орталық және жергілікті әскери басқару
органдары); Қарулы Күштердің түрлері - Құрылықтағы әскерлер, Әуе қорғанысы
күштері. Құрылықтағы әскерлер құрамына: әскери округтер (Шығыс, Батыс, Орталық,
Оңтүстік) әскер тектері (ракета әскерлері және артиллерия, әуе қорғанысы әскерлері)
Ұтқыр күштер; Арнаулы әскерлер; Қарулы Күштердің тылы; әскери-оқу орындары,
әскери-ғылыми мекемелер кіреді.

Бұдан басқа соғыс уақытында Қарулы Күштер құрамына: Ішкі істер министрлігінің
ішкі әскерлері; Шекара қызметі және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскерлері;
Республикалық ұлан; Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі
агенттігі азаматтық қорғанысының басқару органдары мен бөлімдері (бұдан әрі - басқа
да әскерлер мен әскери құралымдар) кіреді.

Қазақстан Республикасының жекелеген әскери құралымдары біріккен (коалициялық
) қарулы күштердің (әскерлер тобының) құрамына уақытша енуі немесе Қазақстан
Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес біріккен командованиеде болуы
мүмкін.";

2) 6-баптың екінші бөлігіндегі "Мемлекеттік шекара күзеті күштерінің

қолбасшысы - Қазақстан Республикасының Шекара күзеті жөніндегі комитеті
төрағасының" деген сөздер алып тасталсын;

3) 7-бапта:

бірінші бөліктегі "шаруашылық" деген сөздің алдынан "әкімшілік,
ғылыми-зерттеу," деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктегі "еңбек" деген сөзден кейін "және мемлекеттік қызмет"
деген сөздермен толықтырылсын;

4) 8-бапта "ізгілік," деген сөзден кейін "қазақстандық" деген сөзбен
толықтырылсын;

5) 10-бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"10-бап. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлерінде және әскери құралымдарында заңдылықтың сақталуын қадағалау әскери қызметшілердің құқықтық қорғалуын, әскерлерде құқық тәртібін қамтамасыз ету";
мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлерінде және әскери құралымдарында құқық тәртібін қамтамасыз етуді ұйымдық жағынан Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Ішкі істер министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің құрамына кіретін әскери полиция жүзеге асырады. Әскери полицияның міндеттері мен құқықтары Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.";

6) 11-бапта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне әскери-саяси басшылық жасау Қазақстан Республикасының Қорғаныс Министріне жүктеледі.

Басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың қызметтік-жауынгерлік қызметіне жедел басшылық жасау:

ішкі әскерлерге - Қазақстан Республикасының Ішкі істер министріне;

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі мен әскерлеріне - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасына;

азаматтық қорғаныстың басқару органдары мен бөлімдеріне Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің төрағасына;

Республикалық ұланға - Республикалық ұлан қолбасшысына жүктеледі.";

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қарулы Күштердің түрлеріне, әскер тектеріне, әскери округтерге, бірлестіктерге (құрамалар мен бөлімдерге) тікелей басшылық жасауды және басқаруды тиісті қолбасшылар (командирлер және бастықтар) жүзеге асырады.";

7) 15-бапта:

үшінші абзацтағы "арналған" деген сөзден кейін "жабдықтау нормаларын бекітеді және" деген сөздермен толықтырылсын;

сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Әскери міндеттілер мен шақырылушылардың әскери есебін жүргізу тәртібі туралы ережені, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріндегі әскери қызметтен және запастағы қызметтен өту ережесін бекітеді.";

тоғызыншы абзацтағы "халық шаруашылығы" деген сөздер "меншік нысанына карамастан ұйымдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

он үшінші абзацтағы "ведомстволарға" деген сөз "агенттіктерге" деген сөзбен ауыстырылсын;

он төртінші абзацтағы "ведомстволардың, бірлестіктер мен кәсіпорындардың"

деген сөздер "меншік нысанына қарамастан агенттіктердің, ұйымдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 16-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"16-бап. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің өкілеттіліктері және Қарулы Күштері Бас штабының міндеттері:

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мемлекетте бірыңғай әскери-техникалық саясатты жүргізетін және Қазақстан Республикасында Қарулы Күштер мен қорғаныс құрылысына басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы әскери басқару органы болып табылады.

Қорғаныс министрлігінде саны мен жеке құрамын Қорғаныс министрі бекітетін алқа құрылады.

Қорғаныс Министрі бейбіт кезде Қарулы Күштерге басшылықты Бас штаб арқылы жүзеге асырады.

Қорғаныс министрлігі:

мемлекеттің әскери саясаты мәселелері жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын, Қарулы Күштерінің Құрылысы мен дамуы тұжырымдамаларын әзірлеу жөніндегі жұмысты жүргізеді;

Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі бекіткен Қарулы Күштердің, Министрлік аппаратының және министрлікке бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің штат санының лимиті шегінде Қарулы Күштер түрлерінің, әскер тектерінің құрылымын , штат санын, сондай-ақ Қорғаныс министрлігіне бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің штат санын белгілейді;

Әскери міндеттілер мен шақырылушылардың әскери есебін жүргізу тәртібі туралы ережені, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери қызметтен және запастағы қызметтен өту ережесін әзірлейді;

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін күзету мен қорғауды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

елдің қауіпсіздігі мен қорғанысын қамтамасыз ету мақсатында барлау қызметін жүзеге асырады;

Қарулы Күштер түрлерінің, әскер тектері мен арнаулы әскерлердің жедел мақсаттары мен міндеттерін, оларды Қазақстан Республикасының басқа да әскерлерімен және әскери құралымдарымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес шет мемлекеттердің қарулы күштерімен өзара іс-қимыл жасай отырып, қолдануды айқындайды;

Қарулы Күштерді жауынгерлік және жұмылдырушылық дайындықта ұстау жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырып, жүргізеді;

ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және басқа жұмыстарға басшылықты жүзеге асырады, олардың сапасын бақылауды ұйымдастырады;

әскерлерді инспекциялауды және Қарулы Күштерде қаржы қаражатының

жұмсалуды бақылауды жүзеге асырады;

елдің әскери қауіпсіздігі мен қорғанысын қамтамасыз ету мәселелері бойынша мемлекеттік басқару органдарымен өзара іс-қимылды ұйымдастырады;

әскери-оқу орындарының, азаматтық оқу орындары әскери кафедраларының қызметі мен оқу-тәрбие жұмысының сапасын бақылауды жүзеге асырады;

басқа мемлекеттік уәкілетті органдармен бірлесіп азаматтық және аумақтық қорғаныс жоспарларын әзірлеуге қатысады;

азаматтарды заңдарға сәйкес әскери қызметке (жиындарға) шақыруды және белгіленген қызмет мерзімін өткерген әскери қызметшілерді запасқа шығаруды, сондай-ақ азаматтарды соғыс уақытында жұмылдыру бойынша шақыруды және жұмылдырудан кейін босатуды жүзеге асырады;

шақырылуға дейінгі және шақырылатын жастарды әскери қызметке даярлауға қатысады;

Қарулы Күштердегі тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстарға басшылықты жүзеге асырады;

республикалық бюджет жобасында қорғанысқа арналған шығыстар бойынша ұсыныстар әзірлейді және бөлінген қаржы қаражатының жұмсалуды тәртібін белгілейді;

Қарулы Күштер үшін қару-жарақ, әскери техника мен жарақтар өндіруді, күрделі жөндеуді және сатып алуды, сондай-ақ әскери объектілерді салу мен жөндеуді ұйымдастырады;

Қарулы Күштер үшін азық-түлікке, заттай және басқа да мүлікке көбінесе отандық тауар өндірушілерге тапсырыстар беру мен олардың өндірісін қаржыландыруды және оларды сатып алуды жүзеге асырады;

қорғаныс өнеркәсібін дамыту мен конверсиялаудың, қорғаныс және екіұдай мақсаттағы өнімді жоюдың мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеу мен орындауға қатысады;

шет мемлекеттердің әскери ведомстволарымен халықаралық әскери ынтымақтастықты жүзеге асырады;

Қарулы Күштерде заңдылық пен құқық тәртібінің сақталуы жөніндегі іс-шараларды әзірлейді және әскери қызметшілерге, олардың отбасы мүшелері мен азаматтық қызметкерлерге әлеуметтік және құқықтық кепілдіктерді қамтамасыз етеді;

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген реттерде қорғаныс мәселелері жөнінде нормативтік құқықтық актілер шығарады және олардың орындалуын бақылайды;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қорғаныс және қауіпсіздік мәселелері бойынша өзге де қажетті өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас штабы бейбіт уақытта және соғыс кезінде мемлекеттің Қарулы Күштерін басқарушы басты орган болып табылады.

Бас штаб бейбіт уақытта:

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары құрылысының, дамуының жоспарларын әзірлеуді үйлестіреді; әскерлердің жедел, жауынгерлік және жұмылдырушылық даярлығына басшылықты жүзеге асырады;

Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың жедел-стратегиялық жоспарлануын және өзара іс-қимылын ұйымдастырып, жүзеге асырады, сондай-ақ қорғаныс мүддесін көздеп ел аумағын жедел жабдықтау жоспарын әзірлейді;

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері және әскери құралымдарының Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес шет мемлекеттердің қарулы күштерімен оралымды қолданылуы мен өзара іс-қимылының жоспарын әзірлеуге қатысады.

Соғыс кезінде Бас штаб Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің

Жоғарғы Бас Қолбасшысы Ставкасының негізгі жұмыс органы болып табылады.

Бас штабтың бастығы Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары болып табылады.";

9) 17-бапта:

баптың тақырыбындағы "мемлекеттік комитеттердің" деген сөздер "агенттіктердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші және алтыншы бөліктердегі "Экономика" деген сөзден кейін "және сауда" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөліктің, төртінші бөліктің бірінші абзацындағы, бесінші бөліктің бірінші абзацындағы "ведомостволар" деген сөз "агенттіктер" деген сөзбен ауыстырылсын;

10) 18-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацындағы "органдары" деген сөзден кейін "өздерінің құзыреті шегінде" деген сөздермен толықтырылсын;

11) 19-бапта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"19-бап. Меншік нысанына қарамастан ұйымдардың қорғанысты қамтамасыз ету жөніндегі қызметі";

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Меншік нысанына қарамастан ұйымдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес:";

12) 21-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Республикаға қарсы агрессия болған не оның қауіпсіздігіне тікелей сырттан қатер төнген жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті Республиканың бүкіл аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде соғыс жағдайын енгізеді, ішінара немесе жалпы жұмылдыруды жариялайды және бұл туралы Қазақстан Республикасының Парламентіне дереу хабарлайды.";

13) 23-баптың үшінші бөлігіндегі "ведомстволарда" деген сөз "агенттіктерде" деген сөзбен, "ұйымдар мен кәсіпорындарда" деген сөздер "ұйымдарда" деген сөзбен ауыстырылсын;

14) 25-баптың бірінші бөлігінде:

"өндіруге" деген сөзден кейін ", сатуға, жөндеуге" деген сөздермен толықтырылсын ;

"ведомстволары" деген сөз "агенттіктері" деген сөзбен ауыстырылсын;

15) 26-баптың үшінші бөлігіндегі "Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заң актілерімен белгіленеді" деген сөзбен ауыстырылсын, "ведомстволардың" деген сөз "агенттіктердің" деген сөзбен ауыстырылсын;

16) 27-баптың екінші бөлігіндегі "кәсіпорындарына, мекемелері мен" деген сөздер алып тасталсын;

"толық" деген сөз "жедел басқару" деген сөздермен ауыстырылсын;

"мүлік" деген сөзден кейін "меншік иесінің келісімімен" деген сөздермен толықтырылсын;

17) 28-баптың екінші бөлігіндегі "кәсіпорындар мен" деген сөздер "өзге де" деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 29-баптың екінші бөлігіндегі "заңдарымен" деген сөз "заң

актілерімен" деген сөздермен ауыстырылсын, "қызметтен" деген сөздің алдында "әскери" деген сөз Заңның қазақ тіліндегі мәтінінде бар;

19) 30-баптың екінші бөлігіндегі "адамдар" деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын;

20) 34-баптың бірінші бөлігіндегі ", кәсіпорындардың, мекемелер мен" деген сөздер алып тасталып, "ұйымдардың" деген сөздің алдынан "және меншік нысандарына қарамастан" деген сөздермен толықтырылсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Қасымбеков Б.

Орынбекова Д.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК